

ПАТРИОТИЗМНІҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Ишанова Ж.Н.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторант Таспулатова Қ.Т.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
zanelaisanova3@gmail.com
Алматы қ.

Патриоттық қасиет қоғамдық ой-сана керуенінің ерекше бір бөлігі. Сондықтан ол қоғамдық ортаның даму үрдісіне сай әртүрлі мазмұнда көрініс береді. Олай болса, патриотизмнің табиғи тамырларына, оның тарихи кезеңдеріне тереңірек назар аударсақ. Қарастырып отырған мәселе турасында алыс және жақын шетел ғалымдары қазақстандық әріптестеріміз өз көзқарастарын білдіріп, оның қоғамдық үрдістерде алар орнын айқындау бағытында ой-тұжырымдарын ұсынып келе жатқаны белгілі. Айталық, ресейлік ғалым В.В. Макаров: «Патриотизм кез-келген саяси, әлеуметтік, этникалық топтың ғасырлар бойғы тұтастығын қамтитын құбылыс» [1, 159 б] деп жазса, Н.И. Губанов былай деп ой түйеді: «Шын мәніндегі патриотизм кім-кімнің болса өз Отанына шексіз берілгендігі, сонымен бірге өзге халықтың мақтанышына құрметпен қарау болмақ. Ал мұндай қасиет іс әрекет пен идеяның, ықыластың бірлігінің айғағы іспетті» [2, 48 б]. Мәселені басқаша түйіндеген ғылыми зерттеулерге зер сала қарағанда патриотизмнің қоғамдағы атқаратын функциясын жете бағаламаған әртүрлі пікірлердің орын алып келгенін анық аңғаруға болады.

Кез-келген мемлекетке патриоттық тәрбие керек. Және де патриотизмнің даму жағдайы, қоғамдық іс-әрекеттерге байланысты өзгеріп толығып отырады.

Қазақстандық патриотизм - ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Отаншылдық сезімді әркімге күштеп таңа алмайсын, елін жерін, отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп қадір қасиетін ұққанда, тарихын, өткен жолын, қиындық-мехнаттарын, рухын тар жол тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде соған деген мақтаныш сезімі оянады. Адам бүгінгі өзі басып жүрген топырағының, суының қадір - қасиетін жете сезініп, өз еліне деген мақтаныш сезімі күшейе бастайды [3, 2 б]. Патриоттық сезімнің анықталған факторы ол қоғамдық санада қалыптасқан патриотизм идеясы болып саналады. Қазақстан, басқа да елдер сияқты, адамзаттық қауымдастықтың белгілі бір бөлігі, әлемде өзіндік орны мен ролі бар ел.

Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың «Қалың елім, қазағым...» деп аталатын кітабына ұзақ жыл адамзат көшінен көз жазып, азаттық, еркіндік дегеннің не екенін ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақ ойламаған жерден империяның казармалық бұғауынан босап, бостандық әлеміне шыққандығы, еліміз тәуелсіз алғаннан кейін қазақ қоғамы бұл күнде бұрын -соңды болмаған аса күрделі жағдайды бастан кешіріп отырғандығы жөніндегі ой толғаныстар еніп отыр. Жазушы бұл еңбегінде Қазақстан сияқты өз алдына отау тігіп жатқан жас мемлекетке тәуелсіз ұлттық идеологияның ауадай қажет екенін көрсетеді [4, 296 б]. Сондай-ақ мұнда азат елдің әдебиеті, ата-бабамыздың өткен тарихы, шежіресі туралы да қаламгер өз ойларын көрсетеді.

Киелі отбасы байтақ Отанның символы. Қазақ - отаншыл халық. Қазақтың отаншыл жүрегі - өрлік пен намысқа, ерлік пен жауынгерлікке толы. Қазақстандықтардың бойында отаншылдық сезімді қалыптастырып, дамыту үшін өзінің маңызды идеяларын еңбектерінің негізгі өзегіне айналдырған академик М.Қ. Қозыбаев былай дейді: «Отан - табиғи, тарихи, әлеуметтік, саяси, мәдени орта, адам баласының тіршілігінің негізі. Әр халықтың өз Отанын сүюі заңдылық. Егер біз пендешілік жасамай, өз ұлтымызды елден ерек, көптен бөлек қарамай, оны адам баласының құрамды бөлігінде қарап, басқа ұлтқа өгейлік көрсетпесек отансүйгіштік, ұлтжандылық, жасампаздық қасиетімен жарқырай түсер еді. Қазақ халқының Отаны, туып өскен, кіндік қаны тамған басқа қазақстандықтардың Отаны - Қазақстан. Оның үстіне Қазақстан қазақ халқының ата мекені. Ұлттық патриотизмнен Қазақстанды өз отаны санаған басқа ұлт өкілдерінің патриотизмі бір арнаға қосылып, бүкілқазақстандық патриотизмді құрайды» [5, 132 б].

Ұлттық патриотизм, әдетте, өз ұлтыңның, оның мәдениетінің, тілінің, дәстүрлерінің ортақтығын сезіну, осы жерде туылғанды түсіну ұғымымен байланысты. П. И. Капыриннің сөзімен айтқанда: «патриотизм - орыс, украин, белорус, қазақ, өзбек, эзербайжан, грузин, армян және т.б. патриотизмі болуы мүмкін» [6, 25 б]. Мысалы, қазақстандық патриотизм қазақ халқы мен мемлекетінің дамып, қалыптасуымен бірге XV ғасырдан бастап орныға бастаған. Бұрын, бұған дейін түрік тайпалары мен руларына өзіндік жергілікті патриотизм тән еді. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда мынандай құндылықтар: «отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық

пен әділдік», «ұлттық парыз» және т.б. негіз болған. Қазақ халқы кіндік қаны тамған жерін, ата-баба әулетінің жерленген жерін ерекше қадірлеген, оны ешқашан тастап кетпеген. Халық «Отан оттан да ыстық», «Отансыз ер бұралқы итпен тең» деп айтылуында үлкен саяси-патриоттық ой жатыр. «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» деп ел-жұрттың қадірін өте жоғары бағалаған. Қазақ үшін атамекеннің орны ерекше болған. Отан адамның бойында патриоттық сезімді туғызудың қажетті шарты деп қабылдаған.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі бес жыл уақыт ішінде, біз өз еліміздің елдік белгілерін аңғартатын ұлттық рәміздер мен нышандардың барлығы дерлік қалыптасты. Сөзі сүйекті ерітіп, әні жүректі елжірететін, өткенге салауат, келешекті ғаламат ететін Ән-ұранымыз бар; аспандай көгілдір, көңіл толып мақтаныш сезім тудыратын, төбеде желбіреп еңсені көтеретін туымыз бар; ортасында қазақтың шаңырағы орнаған, халқымыздың ой-арманын, тұрмыс-салтын паш еткен көп мағыналы Елтаңбамыз бар; ел мәртебесін аспандатқан ұлы бабаларымыздың бейнесімен жасалған, көз тартарлық тұрақты теңгеміз; қажырлы еңбек істеген азаматтарымызды бағалайтын әсем жасалған, ұлттық нақыштағы орден-медальдарымыз бар; бүкіл әлемге аты шыққан, еліміздің мәртебесін көтерген, халық қалап алған Президентіміз бар: азат Отанымыздың ар-намысы болатын, қарапайым азаматтың құқын қорғайтын, өркениетті елге тән боларлық Ата заңымыз бар; күні кеше құрылған, еліміздің келешегіне қызмет етуге бейімделген қос палаталы кәсіби Парламентіміз бар; елімізді, жерімізді, тәуелсіздігімізді қорғайтын Қарулы күштеріміз бар; тіпті, көп мемлекетке тән, бір емес, екі бірдей - астанамыз бар. Көп жылдар зардап шеккен, шетқақпай болып өгей шешеге айнала жаздаған ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Егеменді мемлекет ретінде Қазақстанды дүниежүзілік барлық дерлік қауымдастықтар, мемлекеттер мойындап отыр.

Талай тарихымызға, оның қатпар-қатпар қойнауына көз салсаңыз, сайын даласы мен айдынды шалқар көліне көз алартушылар қай заманда да аз болған жоқ. Қазақ, қазақ болғалы қабырғалы жұрт атанып қанат жайғалы жері үшін қан майдан үркіншіліктен көзін ашқан емес [7, 262 б]. Халқымыздың ауыз әдебиеті мен фольклорының эпикалық тұлғалары Қобыланды, Қамбар, Тарғын, Алпамыс сынды баһадүрлер образының көркем туындыларда кестеденуінің мәні зор. Себебі, «Батыр тұлғасы әрқашан да Отанын сүйетін, елі үшін жанын қимай күресетін асқан патриот, жақсылыққа жаны құмар ізгі жан. Ол жауына қаншалықты қатал мейірімсіз болса, туған-туысқанына, отбасына, ел-жұртына соншалықты мейірімді, жұмсақ, аңғал да ақкөңіл жан». Демек, батырлар тұлғасы, олардың болмыс-бітімі жас жеткіншек бойында ақыл-парасат пен қайрат-жігер сынды қабілет-қарымды қалыптастыруда ерекше роль ақарған.

Қазақ халқының жоғын жоқтап, Еуразияның Ұлы Даласын көктей көшкен көшпелілер басынан құсы ұшқан кезде сұңқылдап тұрып жоқтау айтқан әйгілі тұлғалардың бірі Сүйінішұлы Қазтуған жырау. Қазтуған өткенін қимай, бүгінгіне риза болмай, болашағына секеммен қарап өткен жырау [8, 72-76 бб]. Қазтуғанның өкінетіні сол айбар, сол береке көз алдында күйреп, кеше ғана сүттей ұйып отырған елден береке қашып, быж-тыж болғаны.

Тәуелсіздік - қазақ халқының сан ғасырлық асыл арманы. Әлем халықтарының арасында дүниенің бір қиырынан бір қиырына өтіп барып ел болғандары да, сан түрлі ұлт пен ұлыстың араласуы нәтижесінде жаңа этнос ретінде қалыптасқандары да баршылық. Қазақ - тамырын тереңге жіберген, осынау қасиетті даласынан табан аудармаған халық. Көне дәуірдегі сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, ата жұртта қара шаңырақты басып қалған халық. Қазақтың көшпелілігі тек өзінің атамекенінің аумағында өткен. Сондықтан да, біздің ұғымымызда туған жердің қадір-қасиеті ерекше. «Туған жерге туың тік»- дейді қазақ. Әлемдегі талай ел өз тәуелсіздігіне қанды соғыспен, қыруар шығынмен жеткен. Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл - азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл - бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы [9, 38-39 бб]. Халқымыз талай дүбірлі, дүрмекті кезенді бастан өткізген. Сол замандарда уақыттың қойған талап-міндеттеріне сай елі ардақтаған перзенттері шығып отырған. Демек, біздің ойымызша қазақта батырлық, ерлік, дәстүрді дәріптеген туындылардың өзі жайдан жай дүниеге келмеген. Оның қоғамдық ой сана көшіне, адамдар психологиясына нақты, қыруар ықпалы болған.

Отанның азаттығынан, тәуелсіздігінен асқан дәулет жоқ. Тасқа қашалған тарих та, көне дәуірден жеткен даусыз дерек те ерте заманның өзінде қазақ жерінде іргелі мемлекет болғандығын, оның өзіне лайық шаруашылығы, терең мәдениеті болғандығын дәлелдейді. Ешкімге дес бермеген, ешнәрсеге мойымаған халқымыз бертінде тап болған бодандықтың бұғауынан босап еркіндік туын қайта тікті. Ендеше, аңсап жеткен арманнан ешқашан, ешқандай жағдайда ажырай алмаймыз. Ең алдымен, бұл үшін өз ішімізде ауызбірлік керек. Бірлігі бар елдің іргесі берік болатынына тарих куә.

Өзімізді өзіміз, бірімізді біріміз құрметтей білуіміз керек, сонда ғана өзгелердің айбары алмайды, мерейіміз биік болады [10, 199-200 бб].

Тәуелсіздікті нығайтудың ең алғы шарты - ұлттық сананы ояту, сонан кейін патриоттық рухты қалыптастыру. Қазақ халқының тәрбие жүйесінде жас ұрпақты, қоғам мүшелерін Отанға, халқына, елге, жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп отыру жетекші орында болу керек. Өйткені отан, халық, ел, жер деген ұғымдар өте ауқымды. Бұған шын мәнінде адамның бүкіл болмысының қатысы бар [11, 69 б]. Халқымыздың басты ерекшеліктерінің бірі - адам бойында ар мен намысты ерте қалыптастыру, адам бойына сіңіру, сөйтіп оларды адам тіршілігінің, іс-қимылының өлшемі ретінде қарау. Ұрпаққа мұндай тәрбие беру - халқының бүкіл өмір тіршілігінен көрінеді: әрдайым ұятын ойлау, үлкенді сыйлау, тәртіптілік, жаным арымның садағасы - мұның бәрі патриоттыққа апаратын жолдар. Абай атамыз айтқандай әкенің ұлы болмай халықтың ұлы болу керек. Патриотизм халық үшін қажет болса отқа түсіп, оның бірлігі мен тірлігіне сызат келтірмеу, халық, ел үшін еңбек ету сенімді өлшемдермен анықталады.

Отансүйгіштікті адамгершілік қағидалардан бөліп қарауға болмайды, өйткені отан абстрактілі ұғым емес. «Отан-тірісі бар, өлісі бар тіпті тумағандары бар - бүкіл рулар мен ұрпақтардың рухани байланысы», - дейді Д. Мережковский. Яғни отан дегенің - халық. Халық дегенің - адам. Адамды сүйу, оған жақсылық жасау, жанашыр болу - адамгершіліктің белгісі. Отаншылдық сезім - көз жетпейтін сан ғасырлардың келе жатқан құндылық. Патриотизмнің негізі - Отан үшін, оның игілігі үшін әрекет ету. Патриоттық сезім ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Қазақстандық патриотизмнің негізгі функциясы - халықты қорғау, азаматтық қоғам, еліміздің қауіпсіздігі, халықтың бақуатты өмір сүруі. Отан деген дерексіз дүние емес. Ол халықтан, жерден, елдің дәстүрі мен мәдениетінен тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен тұрады. Қазақстандық патриотизмсіз біз өркениетті ел бола алмаймыз, сол үшін де азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге емес, ертеңге де мәңгі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Макаров В.В. Отечество и патриотизм: логико-методологический анализ. - Саратов, 1988. - С. 159.
2. Губанов Н.И. Отечество и патриотизм. - Москва, 1960. - С. 48.
3. Қалмырзаев. Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады?// Егемен Қазақстан. 10-қаңтар, 1998 ж. - 2 б.
4. Жұмаділов. Қ.«Қалың елім, қазағым». Пікірлер, ойлар, толғаныстар: «Қазақстан» баспасы, 1999. - 296 б.
5. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. / Құраст. Қозыбаев І.М. - Алматы, 2009. - 132 б.
6. Капырин П.И. Органическое единство интернационализма и патриотизма. - Москва, 1987. - С. 25.
7. Батырлар жыры. 1-том. - Алматы, 1986. - 262 б.
8. Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. - Астана, 2001. - 72-76 бб.
9. Назарбаев Н.Ә. Қалың елім, Қазағым. - Алматы: «Өнер», 1998. - 38-39 бб.
10. Байгелді Ә. Егемендік - ел бақыты. - Алматы, 1998. - 199-200 бб.
11. Мешітбаев Т. Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу тәжірибесінен. //Қазақстан мектебі. - 1997. - №2. - 69 б.

ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ МӘСЕЛЕЛЕРІ: Ж. АҚБАЕВ ПЕН М. ТЫНЫШПАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНЕ ТАЛДАУ

Казахбаев А.Г.

Ғылыми жетекшісі: «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы директоры,
т.ғ.д., профессор Махат Д.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
akazaxbaev@list.ru
Астана қ.

Ж. Ақбаев құқық саласындағы білімін тарих ғылымымен үйлестіре білді. Патша және кеңес үкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап, айдауда жүргеніне қарамастан, ол қазақ халқының құқықтық жүйесі мен генеологиялық тарихын дамытуға айрықша үлес қосты. Оның тарих ғылымына деген қызығушылығын - Санкт-Петербургтағы университетінің заң факультетін оқып жүріп, Археология